

Мұғалжар ауданы Егіндібұлақ ауылдық округінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Егіндібұлақ ауылдық округінің әкімінің 2017 жылғы 10 мамырдағы № 1 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 17 мамырда № 5497 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 3 шілдедегі "Қазақстан Республикасының кейбір Конституциялық Заңына және Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әртүрлі заңнамалық актілердің құқық нормалары арасындағы қайшылықтарды, олқылықтарды, коллизияларды және сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормаларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Конституциялық Заңына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына және Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 50 бабына сәйкес, Мұғалжар ауданы Егіндібұлақ ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мұғалжар ауданы Егіндібұлақ ауылдық округі әкімінің кейбір шешімдеріне келесі өзгерістер енгізілсін:

1) 2008 жылғы 28 қарашадағы № 1 қазақ тіліндегі "Егіндібұлақ ауылдық округіне қарасты Миялықөл ауылындағы көшеге атау беру туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-9-90 тіркелген, 2009 жылғы 4 ақпанда "Мұғалжар" аудандық газетінде жарияланған) шешімінде:

қазақ тіліндегі шешімнің кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасы 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, Мұғалжар ауданы Егіндібұлақ ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:";**

2) 2012 жылғы 4 мамырдағы № 4 "Мұғалжар ауданы Егіндібұлақ ауылдық округі Бұлақты ауылының атаусыз көшелеріне атау беру туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-9-171 тіркелген, 2011 жылғы 31 мамырда "Мұғалжар" аудандық газетінде жарияланған) шешімінде:

орыс тіліндегі шешімнің деректемелеріндегі "аульного" сөзі "сельского" сөзімен ауыстырылсын;

кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасы 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес және Бұлақты ауылы халқының пікірін ескере отырып, Мұғалжар ауданы Егіндібұлақ ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Егіндібұлақ ауылдық
округінің әкімі*

A.Андакулов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК